


**Қош келіпсіздер!**





**Менің көңілді  
жантануым**  
(Көңілді, тапқыр, білгір  
жантанушылар сайысы)



**Мақсаты:** Топ аралық қарым-қатынасты оңтайландыру; топтың өзара іс-әрекет дағдыларын дамыту, басқалардың пікірі, көзқарасымен санаса білу, топты және жеке қатысушыларды сезіне білу.





## **Бағдарламада:**

**1.Сайыстың ашылуы- 2 минут. Командалар танысуы;**

**Топтың өзін таныстыру рәсімі ( ұраны, топ атауы-);**

**2.Миға шабуыл -2минут (қазақ кинофильмдерінің атаулары теріс айтылады);**


**3. «Сезімнің суретін саламыз» Коллаж және көрініс-10 мин;**

**4. «Шығармашылық» -7 мин. Жанкүйерлермен «Сөз ішінен сөз ізде» ойыны;**

**5.Капитандар сайысы.**



# 1-байқау. Командалар танысуы.



Сендер өздеріңді нағыз командамыз деп ойлайсындар ма? Нағыз команда болу үшін сендерге топтасқан ұжым, топ басшысы, топтың атауы мен суреті, ұраны болуы керек. Сонда ғана сендер нағыз команда боласыздар. Ал енді сендер топ басшысын сайлап, топтың атауы мен суретін ойлап табуларың керек. Ал әділқазылар бірінші кезекте топтың топтасуына көңіл бөледі. Мен сендерге нағыз топтасқан команда екендеріңді дәлелдеулеріңе тілектеспін!

Әзірге командалар дайын болғанша, музыкалық сәлемдеме тыңдайық.





## 2-байқау. Миға шабуыл-1 минут.

Қазақ кинофильмдерінің атауы теріс айтылады. Сіздер сол кинофильмді табасыздар.



**Дымнаната  
ырықа**



Атаманның ақыры





**Рібиснарт  
ісерпскэ**



Транссібір экспресі



Ыляикат  
етшіреп



Тақиялы періште



**Келесі шабуыл «Жылдамдық»** деп аталады. 2

минут

**Мақсаты:** Оқушылардың жылдамдық реакциясын дамыту.

**Нұсқау:** мен сіздерге жылдам сөздер тобын оқимын, сіздер мұқият тыңдап әр сөздің 2-әріпін жазасыздар. Бастаймыз!

«Сенімділік»



3-байқау.

«Сезімнің суретін саламын»



Командалар сезім атаулары жазылған карточканың біреуін алады.

Команда міндеті сезімді сурет, коллаж (жапсыру) түрінде көрсету және осы сезімге арналған көрініс ойлап табу.

Берілген уақыт -10 минут.

Уақыт болғанда әр команда өз жұмысын, суретін, көрінісін көрсетеді. Ең жоғарғы баға-4 ұпай

**Сезімдер:** Махаббат, риза болу, таң қалу, қайғы, жек көру, ашу.





# Сергіту сәті: **«Қоңырау» жаттығуы.**

Қатысушылар дөңгелене тұрып, он және сол қолдарын кезекпен жоғары көтереді. Шеңбердің ортасына қарай қолдарын қоңырауға ұқсатып, түйістіреді. Бірғақты қатты дауыспен «Бом!» деп төмен тастайды. Жаттығу бірнеше рет қайталанады.



# 4-байқау. Шығармашылық

Келесі байқау- «Шығармашылық» деп аталады. Бұл байқауда шығармашылық қиял, көрсетілген жұмыстың әдеттегідей еместігі, (керемет) әрине, команданың топтасушылығы бағаланады. «Баяғыда.....болыпты» Әр командаға сөздер жиынтығы- «шарбақ», «ағаш», «жаңалық», «өзен», «халық» беріледі. Командалар осы сөздердің бәрін қатыстырып әңгіме немесе ертегі ойлап құрастыруларын керек. Уақыты -7 минут. Берілген уақыт біткенде, командалар өз жұмыстарын қорғайды. Командалар дайындалғанша жанкүйерлермен «Сөз ішінен сөз ізде» ойыны ойналады.



# 5-байқау. Капитандар сайысы.

«Түрлі- түсті доптар» жаттығуы деп аталады.

**Мақсаты:** Есте сақтау арқылы есте сақтау деңгейін анықтау.

Сіздерге қағаз, карындаштар беріледі. Дайын болсақ бастайық!

**Нұсқау:** Қазір сіздер алдарыңыздағы қағазға бірнеше доп саласындар, ол үшін мені мұқият тыңдап алыңыздар.

Мынадай нұсқау беріледі: қағаз бетіне екі кішкентай қызыл және жасыл доп сал, қызыл доп пен жасыл доптың ортасына үлкен көк доп сал, ал жасыл доптың жанына кішкентай сары доп сал.





## Келесі тапсырма

«Қаз» ойыны деп аталады. 100-ге дейін санау. (30) 3 санын атамау, оның орнына «Қаз» деп атау керек. Қателескен адам ойыннан шығады.

# «Эксперимент» жаттығуы.

**Нұсқау:** Жазылған әріптерден құралған мәтінді оқу. Кім қай уақытта оқып болады. Негізі 30 секундтың ішінде 3 үзіндіні оқу қажет.





Назар аударғандарыңызға  
рахмет!

